

5.3 Шыныдағы металл оксидтерін анықтау

1. Шыны құрамындағы қорғасын оксидін күкіртсутектік әдіспен анықтау

Егеуіш құралды пайдаланып, шыны үлгісін егеп тілік жасайды. Оған 2-3 тамшы фтор қышқылын сосын 2-3 тамшы күкіртсутек ерітіндісін тамызады. Егер қара түсті тұнба пайда болса қорғасын оксидінің бар екендігін көрсетеді. Химиялық реакциясын жазыңдар.

2. Қорғасын оксидін анықтаудың күкіртсутектік емес әдісі

Шыны үлгісін егеумен егеп 2-3 тамшы фтор қышқылын тамызыңдар.

Қорғасын фторидінің концентрлік ерітіндісін азырақ мөлшердегі суды пайдаланып пробиркаға құйып алыңыз. Осы пробиркаға калий иодиді ерітіндісін тұнба түзілгенше құйып алыңдар. Осы пробиркаға калий иодиді ерітіндісін тұнба түзілгенше тамшылатып қосыңдар. Тұнбаға 4-5 тамшы су және 4-5 тамшы 2 н сірке қышқылын қосып қыздырыңдар. Қыздырғанда қорғасын йодиді ерітіндіге өтеді. Ерітіндіні суық су ағынында суытыңдар. Алынған тұнбаны зерттеңдер. Химиялық реакциясын жазыңдар.

Қажетті заттар мен реактивтер: шыны үлгілері, егеу, 20% фтор қышқылы, жаңа дайындалған күкіртсутек ерітіндісі, калий йодиді ерітіндісі, сірке қышқылы, спиртшам.